

Жанаарқа ауданы әкімдігінің
Жанаарқа ауданының білім бөлімінің
«Бидайық жалпы білім беретін
мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі



Коммунальное государственное
учреждения «Бидаикская
общеобразовательная школа»
акимата Жанааркинского района
отдела образования
Жанааркинского района

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

06.09.2021 ж. № 69

**«Қамқоршылық кеңестің жұмысын
ұйымдастыру және оны сайлау туралы»**

Бидайық ЖББ мектебінде 2021-2022 оқу жылында қамқоршылық кеңестің жұмысы ұйымдастырылып, кеңес құрамы БЕКІТІЛСІН:

1. Қожаев Сейтжан – ауыл ақсақалы
2. Жақиянова Жұлдыз – ауыл әкімшілігінде жетекші маман
3. Ақшолақова Нургул – ауыл кітапханашысы, мүшесі
4. Кейкова Бибінұр – кәсіпкер, хатшы
5. Кульманов Нұрсұлтан – кәсіпкер
6. Амантаева Шолпан – ата-ана комитетінің мүшесі
7. Испаева Гүлденсін – ата-аналар комитетінің төрайымы
8. Курболысова Асел – кәсіпкер
9. Нуршин Батырлан – ауыл учаскілік инспекторы

Қамқоршылық кеңесі жұмысын жүргізу барысында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы басшылыққа алынсын.

Осы бұйрықтың орындалысын бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сүлейменова Айжан Габайдуллаевнаға жүктелсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы

Мектеп директоры

Шибутова Б.А.

Таныстым:

**Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №1**

**Бидайық ЖББМ
06.09.2021 ж.**

Отырысқа қатысқан қамқоршылық Кеңесінің мүшелері:

1. Кожаяев С - ауыл ақсақалы
2. Кейкова Б - кәсіпкер, хатшы
3. Ақшолоқова Н - ауыл кітапханшасы, мүшесі
4. Кульманов Нұрсұлтан - кәсіпкер, мүшесі.
5. Испаева Гүлденсін - ата-аналар комитетінің төрайымы.
6. Жақиянова Жұлдыз - ауыл әкімшілігінде жетекші маман.
7. Амантаева Шолпан - ата-ана.
8. Құрболысова Әсел - ата-ана.
9. Нуршин Батырлан - ауыл учаскелік инспекторы.

Күн тәртібінде:

2. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту.

Б.А.Шибутова.

3. Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.

А.Г.Сулейменова .

Тыңдалды:

Сөйледі 1.1: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – А.Г.Сулейменова

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Г.Сулейменова сөз алып, ҚР Білім және Ғылым министрінің «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 27.07.2017 ж. №355 бұйрығымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесі жұмысының жүргізілуі, төрағасының атқаратын міндеті, мектептің дамуына қосатын үлесі және мектепте құрылатындығы жайлы толық тоқталды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылатындығы, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайтындығы және кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейтіндігі жайлы айтты.

Сөйледі 2.1: мектеп директоры - Б.А.Шибутова.

Мектеп директоры Б.А.Шибутова сөз алып, биылғы 2021-2022 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесі мүшелерін бекіту жөніндегі бұйрықпен таныстырды. Кеңес мүшелері мектеп оқушыларының ата-аналары екендігін айтты.

Сөйледі 3.1: мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – А.Г.Сулейменова

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Г.Сулейменова сөз алып, Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелерінің отырысы кезектен тыс болмаса жылына 4 рет болатындығы және әр отырыста қаралатын күн тәртібіндегі мәселелер жайлы таныстырды. Әр кеңес мүшесі өз үлесін қосып, ортаға ұсыныс, ой салуға болатындығы айтылды.

Сөз алғандар: Құрболысова Ә (ата-ана)

Еліміздегі төтенше жағдай орын алған кезеңде аз қамтылған отбасындағы оқушыларымызға көмек қажет болатындықтан біздер атсалысуымыз керек және үнемі мектеппен байланыс жасау керек.

Қожаев Сейтжан (кеңес төрағасы)

Бүгінгі сайланған, бекітілген кеңес мүшелері бірлесіп қарқынды жұмыс жасап, оң нәтиже көрсетіп, өз міндетімізді тиянақты орындауымыз керек.

Қаулы етілді:

1. Мектеппен бірлесе отырып жұмыс жасауға атсалысу және оны ұйымдастыру кеңес төрағасы С.Қожаевқа жүктелсін;
2. Кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, кеңес отырыстарын уақытылы ұйымдастыру тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Г Сулейменоваға міндеттелінсін;
3. Қамқоршылық кеңесінің жоспар бойынша жұмысын жүзеге асыруға ықпал ету әр кеңес мүшесі міндеттелінсін.

Төрағасы:



С.Қожаев

Кеңес мүшелері:

Кейкова Б

Ақшолоқова Н

Амантаева Ш


Испаева Г

Кульманов Н

Жакиянова Ж

Құрболысова Ә

Нуршин Б



Мектеп директоры:



Б.А.Шибутова